

# Қазақ футболының 100 жылдығы жоғары деңгейде өтті

24 қыркүйек 2013 | 12:09 | Қоғам | Қаралған: 2517 | Пікірлер: 0



Облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВТЫҢ бастамасымен үйимдастырылған қазақ футболының 100 жылдығы мерекесі Семей қаласында жоғары деңгейде өтті. Оған алғыстан ат арытып келген ардагерлер де, отандық спортшылар да, тікелей көрсетілім арқылы теледидардан тамашалаған жанқүйерлер де күа.

Бұл үлкен мереke Қазақстанның, оның ішінде Шығыс Қазақстан вінірінің меймандос пейілін, халықаралық басқосуларды біліктілікпен еткізегендегі биік алеуетін және ел мен аймақ спортының ертеңгі күнге сенімді қадам басуын барша қауымға тағы бір паш етті.

Ресей, Грузия, Украина, Қырғызстан елдерінен келген командалар мен отандық командалар және атақты неміс футболшысы Хорст Хрубеш, отандық футбол ардагері, Қазақстан футбол федерациясының вице-президенті Сейілда Байшақов пен Виктор Катков та қадірлі меймандар қатарында аталған мерейтойға қатысты.

## «Спартактағы» салтанат

Ғасырды тербеген ғажайып футбол мерекесі Семейдің «Спартак» стадионында салтанатты түрде ашылды. Қала тұрғындары мен жанқүйерлер мартебелі меймандарды көруге стадионға үздіксіз ағылып жатты. Жаз бойы жәндеуден еткен «Спартак» кешені де бұл күні құлпырып, жайнап кеткен екен. Стадионға кіреберіс қақпа алдындағы тұғырға орнатылған тақия кигізілген үлкен ала доптың мүсіні жаңына тұра қалып, естелік-суретке түсіп жатқандарда есеп жоқ. Допқа кигізілген тақия қазақ халқының ғасыр ішінде футбол сынды планеталық ойынмен біте қайнасып кеткенінің көрінісі іспетті жылы асер қалдырыды. Жанқүйерге лықа толып, желлінгенде стадион орнынан қозғалғандай, буырқанғандай болып, мерекенің мән-маңызы да арта тусты.

Қуанышты көңілкүйді бес мың семейлік қатысқан салтанатты іс-шара одан арі үстеді. Атап айтқанда, олардың қатарында Қазақстан мен алыс-жақын шет елдерден келген футбол ардагерлері, жаттықтырушылар, қазіргі футболшылар, жас жеткіншек ойыншылар, түрлі спортшылар, студенттер, мектеп оқушылары, тағы басқа қаланың шығармашыл ұжымдары да бар еді. Мереке үрмелі аспаптар оркестрінің көңілді ауенімен басталып кеткендеге, стадионның бір қанатын толтырып отырған семейлік жанқүйерлер қолдарына ұстаған түрлі-түсті қағаздарымен вездерін көлегейлеп, стадионның бір қанатында тұтасымен «Футбол», «100 жыл», «Шымыр бол!» сынды жазулар пайдада болды. Жасыл алаңды «Жас ұлан» лицейінің жүздеген оқушылары толтырып, қолдарына ұстаған мемлекеттік һәм мерекелік туларын желбіретіп тұрды. Тәңіздей толқыған тулардың ортасына қос қапталдан айдында жүзеген ақ кемелер сынды айдік төрт доп жылжыды.

Мұның барлығы Семей топырағын басқан айгілі футбол ардагерлерін қарсы алу алдындағы салтанат еді. Кегал шетіндегі жолмен КСРО футболының ақсақалдары мінген шағын автобустар легі көрінді. Мәскеудің «Спартак», Киевтің, Тбилисидің «Динамо» командалары, Қазанның «Рубин», Бішкектің «Алға», Алматының «Қайрат», Өскеменниң «Восток» және Семейдің «Спартак» командаларында ойнаған ардагерлер мінген автобустар керуенін балалар футбол командаларының топтары жеке-жеке қарсы алып, алаң ортасына құрметпен алып шықты. Ардагерлердің әрқайсысы бабы мен бағы қатар шапқан жүлдүзізді шақтарында миллиондаған жанкуйер алдында енер көрсеткен, кеңестік, еуропалық және әлемдік футбол майталмандары саналады. Қарермендер әр командаға қошемет білдіріп, үлкен ілтиpatпен қол соғып отырды. Ал Семейдің «Спартак» командасы шыққанда бүкіл стадион қошеметке тұнып, жаңғырып кеткендей болды. Жерлестеріне үлкен құрмет білдірген стадион ортасы бір мезетте Семей спорт мектептерінің балаларына арналған сый – теңбіл допқа толып кетті. Әр доптың соынан қуалаған балалар үшін бұл үлкен қуаныш еді. Қеп ұзамай олар вздері олжалаған ала доптарға айгілі футболшылардың қолтаңбасын қойдырып алып жатты.

Қазақ футболының ғасырлық мерейтойына жиналған барша қауымды облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ құттықтады.

– Осыдан 100 жыл бұрын қасиетті Семей жерінде Қазақстанның тұнғыш футбол командасы пайда болды. Сол уақыттан бері Қазақстан спорты үлкен жетістіктерге жетті. Әсіресе, соңғы уақытта Қазақстан УЕФА мүшелігіне қабылданып, отандық футбол командалары Еуропа құрлығында енер көрсете бастады. Бұл – мемлекетіміздің, еліміздің, ұлттымыздың абыройы мен беделі. Спорттың адам үшін қандай пайдасы бар екенін жақсы билесіздер. Адамға ең бірінші керегі – денсаулық. Денсаулықты жақсартатын, сақтайтын дүние – спорт, оның ішінде – футбол. Футболдың, спорттың арқасында Қазақстанның да мемлекеттік Тұы желбіреп, Өнүраны ойнайды. Быыл – Қазақстан футболының 100 жылдығы. Атаулы мереке аясында бірқатар іс-шаралар еткізуudemіз. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ Қазақстанда спортпен шұғылданатын адамдардың санын кем дегенде 30 пайызға жеткізу жөнінде тапсырма берген болатын. Осыған сәйкес облыс басшылығы еңірдегі спорттық базаларды нығайту жұмыстарына үлкен көңіл беліп отыр. Қазіргі таңда облыс халқының 22 пайызы спортпен шұғылданады. Футболдың 100 жылдығына орай ағымдағы жылы 8 ай ішінде 2000-ға жуық әртүрлі іс-шаралар етті. Оған 300 мындей адам қатысты. Ең негізгісі, бүгінде футбол мерекесінің арқасында облысымыздың, еліміздің аты біраз шет мемлекеттерге тарапалы, насиҳаттады деуге болады. Кезіндегі Кеңес Одағы футболының таңдаулы ойыншылары болған ардагерлер Семей топырағында бас қосып отыр. Бұл – еліміздің болашағы үшін қажет. Сондықтан әр уақытта еліміздің абыройын, жастарымыздың денсаулығын ойлауымыз керек. Біз спорттың дамуына неғұрлым жақсы жағдай жасасақ, болашағымыз да соғұрлым жақсы болады. Облыс басшылығы атынан Украина, Грузия, Ресей, Қырғызстан елдерінен келген құрметті меймандарымызға және отандық футбол ардагерлеріне алғыс айтамын, – деді облыс басшысы.

Аймақ басшысы Семей қаласында соңғы үш ай ішінде футбол мерейтойы етіп жатқан «Спартак» стадионы күрделі жөндеуден еткізіліп, жаңадан 10 футбол алаңы салынғанын атап етіп, футбол мерекесінің ойдағыдай үйімдастырылуына еңбек сінірген қала әкімдігі мен мердігер компания қызметкерлеріне де ризашылығын білдірді.

Мерейтойдың ашылу салтанатында облыс басшысы Бердібек САПАРБАЕВ, қазақстандық атақты футбол ардагерлері Тимур Сегізбаев, Сейілда Байшаковтар спорттың дамуы мен еркендеуіне үлес қосқаны үшін бірқатар азаматтарды марапаттап, құрмет көрсетті. Олардың қатарында Қазақстанның еңбек сінірген жаттықтырушысы, семейлік аты аңызға айналған футболшы, футболшылардың бірнеше буынын тарбиелеген бапкер Виктор Шевелевке «Семей қаласының Құрметті азаматы» атағы беріліп,

«Қазақстан футболына – 100 жыл» мерейтойлық медалімен марапаттады. Аталған медальмен Ресей Федерациясының еңбек сінірген жаттықтырушысы, халықаралық дарежедегі спорт шебері, Ресейдің 13 дүркін чемпионы Олег Романцев, КСРО-ның үш дүркін чемпионы, «Динамо» (Киев) ардагерлер командасының аға бапкері, КСРО спорт шебері Андрей Биба, бишкектік футбол ардагері Владимир Орешин, Ресей Федерациясының спорт шебері Аңсар Аюпов, сондай-ақ, еліміздің футбол ардагерлері, оның ішінде КСРО спорт шебері, семейлік «Спартак» құрамасының рекордшысы Андрей Пинчуков және Қазақстан Республикасының спорт шебері Борис Глушков та бар.

Салтанатты мереке әрі қарай театрландырылған қойылымдармен жалғасты. Футбол алаңында хор, оркестр және «Томирис» хореографиялық би тобы Мұқан Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсынан би орындалды. Сондай-ақ, «Көшпенділер» атты белімде сайгүліктерге мінген шабандоздар көк байрақты желбіретіп, көк түркілердің сарынын естірткендей, үлттық ат ойындарының бірнеше түрлерін ұсынды. Патриоттық көріністер футбол тақырыбына ауысқанда, аталған спорт түрінің кең танымалдылығының көрінісі ретінде семейлік артістер алем халықтарының үлттық киімдерінде алаңға шығып, футбол жағрапиясының ауқымы жұмыр Жерді тұтас алып жатқанын, оның ішінде қазақ баласының да доп тепкеніне ғасыр толғанын әдемі айшықтай білді. Мауліт Рахымбаевтың «Спорт маршы» ауенімен стадион жиегінде қазақстандық заманауи футбол нышандары бедерленген платформа пайда болды. Қойылымды Шығыс Қазақстан облысы спортшыларының шеруі аяқтады.

Салтанатты мереке сән түзеп болған соң, жасыл алаңда шағын кездесулер басталды. Мұны өткен ғасырдың атақты командаларының сапында болған ардагерлердің шеберлік сабабы десе де болады. Бір кездері Кеңес Одағы бойынша Еуропа Кубогін жеңіп алған қос «Динамо» – Тбилиси мен Киев командаларының взара сынында 1:0 есебімен украиналық аяқдопшылар алға шықты.

Осылайша, футбол мерекесінің салтанатты ашылуы барқыт аспанда жарқыраған оташашулармен аяқталды. Стадионның күміс сауле шашқан прожекторларынан да биік көкте оташашулар арқылы «Қазақстан футболына – 100 жыл» деген жазу өрнектелді.

### Қазақстан мен Германия аяқдопшылары тәжірибе алмасады

Футбол мерекесі шеңберінде алыс-жақын шет елдерден келген және отандық футбол ардагерлері БАҚ өкілдерімен баспаса з мәслихатын өткізді.

Олардың арасында аты аңызға айналған алемдік футбол жүлдездарының бірі, Германия құрамасы сапында доп тепкен неміс футболшысы, Еуропа чемпионы (1980 жыл), Германия чемпионы (1979, 1982, 1983 жылдар), Еуропа чемпиондары Кубогінің иегері (1983 жыл) және бірнеше мәрте үздік шабуылшы атақтарын жеңіп алған Хорст Хрубеш те бар. Ол бүгінде Германияның үлттық жастар құрамасын жаттықтырады.

Алманиялық мейман Семейге сапары барысында қазақстандық және неміс футбол федерациялары арасында взара әріптестікті дамыту туралы меморандумға қол қойды.

– Бірінші кезекте, шақырғандарының үшін ризашылығымды білдіремін. Бұл – мен үшін үлкен құрмет. Сіздерді Германия футбол федерациясының атынан Қазақстан футболының 100 жылдық мерейтойымен құттықтаймын. Екі елдің футбол федерациялары арасында әріптестік қарым-қатынасты дамыту туралы меморандумға қол жеткізгеніміз үшін қуаныштымыз. Бұл – футбол өміріндегі тарихи

окиға. Осындағы екі жақтағы байланыстар арқылы қазіргі уақытта Германияда жастар футболына инвестиция құю барысын байқауға, зерделеуге болады. Олар - ертең ұлттық құрамада внер көрсететін жастар. Футболды дамытуда атқарылатын жұмыстар легінде өзара тәжірибе алмасу қай-қайсымызға болсын, пайдалы. Біз осы салада ері қарай жұмыс істей отырып, ойға алған мақсат-мурраттарымызды бірге жүзеге асырамыз, – деді Хорст Хрубеш мырза.

Қазақтың тұнғыш футболшысы, алемге әйгілі жазушы Мұхтар Әуезовтің ұлы Мұрат Әуезов те футбол мерекесінің құрметті мейманы ретінде шақырылған болатын. Белгілі ғалым, мәдениеттанушы Мұрат Әуезов өз сезінде футболдың миллиондаған жанкүйерді насыліне, ұлттына қарамай бір арнаға тоғыстыратын, бір ортаға жұмылдыратын үлкен мәдениет екенін атап етті. Ол XX ғасыр басында Абайдың шакірттерінен құралған, оқыған, көзі ашық азаматтардың Алаш идеясын таратқан қалаларының бірі Семей екенін, осы шаһардан қазақ даласына внердің сан саласы саулеесін шашқанын жеткізіп, оның ішінде ұлт тарихында алғаш рет футбол внерінің де көң сахараға жетуіне Алаш қайраткерлерінің айтартылған үлес қосқанын, олардың арасында келешек заңғар жазушы, сол кездегі жас жеткіншек Мұхтар Әуезов те болғанын айтты. Мұрат Мұхтарұлының айтудынша, оның акесі ойнаған «Ярыш» командасының қазақша атауы «Жарыс» деп аталады.

– Бұған болашағы натижелі басқосу болып жатқанына күа болып отырмыз. Оған еш күманім жоқ. Рухани қозғалыстар ошағы атанған Семей жеріндегі үлкен бастама да бұғынгі күнмен шектелмейді. Үлкен мереке – мемлекет спорттың дамуына үлкен серпін береді. Ұлан-байтақ жерімізде футболдың Семейден бастау алуы тегін емес. Үлкен – ерекше елке. Абай мен Шакерімнің, Мұхтардың туған, есken-өнген, нар алған, адамзаттық асыл мұраларын қалдырыған ғажайып жер. Алайда, қырқыншы жылдардың соңын ала атомдық сынқарт алаңына айналды. Тіпті, оның қуаты Хиросима мен Нагасакиге тасталған бомбадан артық болса-дағы, үлкен жер барлық қасиетті басынан кешіре отырып, ұлы мақсаттарға деген үмтүлісін сақтап қалды. Сондықтан бұғынгі таңда да жаңа есімдерді танытып жатқан заманауи футбол қозғалысының Семейде басталуы тегін емес, – деді Мұрат Әуезов.

Бішкектің «Алға» командасының өкілі Владимир Орешин футболдың ортақ отбасылық сезім сияқты үлкен қасиеттерді біріктіретін ойын екенін жеткізді.

– Біз көптеген қазақстандық командалармен достық байланыстамыз. Бір-бірімізben жиі жүздесіп тұрамыз. Қыркын футболшылары көптеген қазақстандық командалар салында внер көрсетеді. Жақындаған ыстақтауда ТМД елдерінен келген 80 команда арасындағы ойын аяқталды. Оның ішінде Қазақстаннан 5 команда болды. Және алдыңғы орындардан көрінді. Яғни, футбол – өзара бауыр, туыс болып кеткен, бір спортпен шұғылданатын отбасы іспетті. Қазақстандық футболдың гүлденеүіне тілекtesпін, – деді «алғалық» ардагер.

Осы команданың тағы бір ойыншысы Юсуп Мұсаев 50 жылдан астам қазақстандық футболшылармен достасып келе жатқанын, Қазақстан футболының еуропалық турнирлердің қатысушысы атанғанында үлкен қуанышқа өздері жеткендей қатты қуанғанын жеткізді. Оның айтудынша, Қазақстан футболының алем біріншіліктеріне қатысатын күні тым алыс емес.

Ал Киевтен ат артып жеткен Андрей Биба қазақстандық футбол мерекесіне өз үлестерін қосуға асық болып, қазақ елін сағынып қалғандарын атап етті.

– Бұгін біз жастық шағымызды еске түсірдік. Хорст Хрубешті көргенде, оған қарсы қалай ойнағанымыз есімізге түсті. Ертеде болған бұл ойын оның да есінде екен. Міне, Қазақстан футболының 100 жылдық мерекесі бізге осындай көңіл түкпірінде жатқан жастық шаққа деген сағынышымызды оятуға тұртқи болғандығымен де құнды. Біз де әріптестікті белсенді түрде дамытуға мүдделіміз, – деді украиналық футбол ардагері Андрей Биба. Тбилисидің тарланы Отар Габелия, қазандық «Рубиннің» қорғаушысы Евгений Круглов Семейде өздерін команда жанқүйерлері ауежайдан күтіп алғанын айтЫП, бұл жайт мақтаныш сезімі болып кеуделерін көрнегенін жеткізді. Қазандық футболшылар кез-келген ілтиппаттың қайтарымы болуы тиіс екендігін, бұл ретте Семейдің ардагерлер құрамасын жуықта татар еліне қонаққа шақыратындықтарын атап етті. Сондай-ақ, Ресейдің маңдайлды жаттықтырушыларының бірі Құрбан Бердыевтің бейнетаспаға жазылған құттықтау сезін табыс етті. Мәскеулік «спартактықтар» атынан сез алған Владимир Букиевский Никита Симонянның құттықтауын жеткізді. Семейлік футбол ардагерлері мәскеулік әріптестері атынан жолдастық кездесуге шақыру алды. Сондай-ақ, өзіміздің «Қайраттың» ойыншысы Асқар Кожабергенов пен семейлік Сергей Калинин де меймандарға ыстық лебіздерін білдіріп, командалар арасындағы ойын өрнегіне қозайым болуға шақырды. Баспасөз мәслихаты соңында тілшілер мен жанқүйерлер футбол шеберлеріне түрлі сауалдар қойып, қолтаңба алып, естелік үшін бірге суретке түсті.

### Көше атауы ауысты

Мерейтой шеңберінде Семей қаласындағы бұрынғы «Денешынықтыру» көшесіне «Қазақстан футболына – 100 жыл» атауы берілді. Осы атаулы шараға жиналған көвшілік алдында аймақ басшысы Бердібек САПАРБАЕВ футбол ардагерлерін Шығыс Қазақстан облысында «Қазақстан футболының 100 жылдығына – 100 футбол алаңы!» ұранымен салынған футбол алаңдарымен таныстырылды. Аймақтың барлық қалалары мен аудандарында салынған жаңа футбол алаңдары слайд арқылы таныстырылды.

– Біз спортпен шұғылданатын балалар мен жастарға арналған жағдайды біртінде жақсартуға мүмкіндік алдық. Осы көшеде де футбол алаңы салынды. Келер жылы тағы екі алаң салуды жоспарлап отырмыз. Жыл басында облысында 465 алаң болса, бүгінгі мерекеге арнап 101 футбол алаңын аштық. Тағы 9 алаңды жыл соңына дейін аяқтаймыз. Бүгінде өнірдегі барлық ірі елді мекендерде футбол алаңдары бар. Жыныда ғана Қытаймен шекарада орналасқан Құршім ауданында 2 мың орынға арналған жабық мінбері бар стадион кешенін аштық, – деді облыс басшысы.

Сонымен қатар, жиналған көвшілік өніраралық интеграция шеңберінде және отандық футбол мерекесінің құрметтіне Қызылорда облысынан шығып, Қарағанды, Павлодар облыстарын басып етіп, Семей қаласына жеткен велошерушілерді қарсы алды.

Аймақ басшысы велошабандоздардың еңбегін ерекше атап етті. Футбол мерейтойна арналған велошерудің Қызылорда облысынан басталуы тегін емес. Өйткені, әлемге әйгілі қазақстандық велоспортшылар Марат Сатыбалдиев пен Сергей Капустин – Қызылорданың тұмасы.

Велошерушілер атынан сез алған Ерғали Шемішбаев 17-қыркүйекте Қызылорда қаласынан басталған велошерудің Семей қаласына дейін ұзақ жолды басып еткенін, велошабандоздар жүрген жолында қазақстандық футболдың жетістіктерін насиҳаттағанын атап етті. Семей қаласының әкімі Айбек

Карімов велошабандозға теңбіл допқа ұқсатып жасалған тақия тарту етті.

– Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан бері спортқа, оның ішінде футболға көп көңіл белуде. Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ саясатының негізгі белгілі деңсаулығы мықты, білімді жас үрпақ тәрбиелеуге бағытталған. Өсіресе, биыл ел футболы бірқатар жетістіктерге қол жеткізді. Оны жанқүйерлер «Шахтер», «Ақтөбе» командаларының ойынынан да көріп жүр. Атаулы мереke және футболды арі қарай насиҳаттау мақсатында Семей қаласы маслихатының шешімімен бұрынғы «Денешынықтыру» көшесі «Қазақстан футболына – 100 жыл» деп аталағы. Бұл – қазақ елінің футбол енерімен бұрыннан айналысып келе жатқанын, тарихы теренде екенін көрсетеді, – деді облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ.

Көшес атауын ауыстыру салтанатынан соң облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ жаңа футбол алаңында Шакерім атындағы университеттің инновациялық технология және аграрлық факультеттері арасындағы ойынды доп бағыттап бастап берді. Бұл уақытта Семейдің Барлық футбол алаңдарында түрлі командалар арасында оннан астам турнир бір мезете өтіп жатты. Маселен, құлағы мүкіс балалар арасында қалалық турнир үйімдастырылды. Семейдегі есту қабілеті нашар балаларға арналған мектеп-интернаттың оқушылары қатысқан жарыс та өз дарежесінде өтті.

### Семейдегі Самат Смақовтың мектебі

Спортқа да ақыл-ой керек. Шакерім атындағы университетте тұнғыш рет өткен «Қазақстан футболы және оның келешегі» тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік конференция барысы осы ойға қазық болды. Облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВТЫҢ бастамасымен үйімдастырылған конференцияда футболдағы жедел-тактикалық ойлау ерекшеліктері, қазіргі қоғамдағы футболдың дамуына асер етуші негізгі факторлар ғалымдар тарапынан жіті сарапталып, ғылыми талдаулар арқылы түсіндірліді. Қазақ туризм және спорт академиясының профессоры, педагогика ғылыминың докторы Игорь Андрушчишин мен Алтай елкесі Рубцов индустря институтының кафедра менгерушісі Евгений Теплухин жасаған Баяндамалар футболды ғылыми тұрғыдан ерістетудің негізгі бағыттарын ашып көрсетті. Аймақ басшысы футбол туралы теориялық ілімді дамыту бүгінгі жаттықтырушылар мен үстаздар үшін үлкен ғылыми ізденисті қажет ететіндігін атап өтті. Отандық білім беру саласындағы бұл олқылықтың орнын Қазақстанның футбол федерациясы толтырып отырғанға ұқсайды. Өйткені, аталаған үйімның үйткы болуымен көптеген жас футболшыларымыз Еуропа мен Америка елдеріне адістемелік біліктіліктерін жетілдіру курстарына аттана бастады.

Университет алдында белгілі қазақстанның футболшы, бүгінгі таңда Түркия клубында енер көрсетіп жүрген талантты шығысқазақстанның жерлесіміз Самат Смақовтың футбол мектебінің талімгерлерімен жүздесудің саты түсті. Бүгінгі таңда бұл мектепте семейлік 50-ден астам бала жаттығады екен. Оның Барлық шығындарын Самат Смақовтың өзі көтеріп алған. Балалардың тек футболға деген ынтасы болса болғаны. Семейдегі футбол тойына Алматы ауежайындағы тұманға байланысты келе алмаған Самат Смақовтың бұл бауырмалдығына, отаншылдығына айрықша риза болдық. Смақовтың шакірттері қолдарына ұстаған доптарына футбол ардагерлерін түстеп тұрып, қолтаңба қойдырып жатты.

### «Қайраттың» қайраты

Футбол ардагерлері арасында үйімдастырылған шағын кездесулердің нәтижесімен де беліс

кетейік. үшінші орын үшін жасыл алаңға Семейдің «Спартагы» мен Қазанның «Рубині» шықты. Ал турнир Кубогі үшін мәскеулік «Спартак» пен алматылық «Қайрат» таласты. «Спартак» стадионында еткен қос кездесу де тартысты болды. Семейліктердің бірнеше марте тамаша мүмкіндігі болғанымен Татарстаннан келген меймандар вздеріне берілген мүмкіндікті қалт жіберген жоқ.

Жанқүйерлер актық кездесуді бар жан-танімен тамашалады. Алғашқы таймның соңғы минуттарында бар күш-жігерін жұмсаған Авдеевтің алапаты осы турнирде асты. «Қайраттың» қайратты ойыншысы турнирдің үздік шабуылшысы атанды. Оның қоржынында барлығы 6 гол тіркелді. Дегенмен, актық сында Авдеевтің бағыттаған добы «Спартак» қақпасының жақтауынан кейін қайтты. Екінші таймның да елеулі қызықтары мол болды. Екі команданың да аяғында кезек қақпақылға түскен ала доп турнирдің топжарғаны кім екенін болжаяға мүмкіндік бермеді. Таймның шешуші секундтары қалғандаған Вахид Масудов есеп ашты. Мәскеулік команда қалған уақытта қанша талпынса да «Қайраттың» қақпасынан саңылау таба алмады. Осылайша, 1:0 есебімен Алматының атақты «Қайратының» жеңісі Қазақстан футболының 100 жылдығына арналған тамаша тарту болды.

Футбол мерейтойы аясында бір кездері ете жоғары мангеге ие болған «Миллиондар Кубогі» қайта жанданды. Қазақстанның барлық қалалары мен аудандарынан қатысқан балалар командалары арасындағы іріктеу сындары жаз бойы етті. Осылайша, Семейге жеткен 12 команда салында 200 жас футболшы болды. Олардың арасында үздік натиже көрсеткен командалар мен жекелеген ойыншыларды футбол тойының мәртебелі меймандары марапаттады. Финалға Ақтөбе мен Ақмола облыстарының жеткіншектері шықты. «Миллиондар Кубогі» ақтөбелік балындардың қанжығасында кетті. Сонымен қатар, Ресей, Монголия, Қырғызстан және Қазақстанның 100-ден астам балуандары қатысқан Даулет Тұрлыханов атындағы қазақ құресінен II халықаралық турнир де Семейдегі үлкен мерейтойдың күрметіне арналды.

Семейдегі облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қызметкерлері жыл бойы жинаған қазақстандық футбол тарихына қатысты құнды жадігерлер көрмесі де жұртшылықтың қызығушылығын тудырды. 100 жылдық тарихтан хабар беретін жадігерлер қатарында футболшылардың суреттері, құжаттары, түрлі бүйімдары бар.

Футбол мерекесі Семейдің орталық алаңында қазақстандық внер шеберлерінің қатысуымен еткен концертпен түйінделді.